



ШЕШІМ

26.09.2019

Нұр-Сұлтан қаласы

РЕШЕНИЕ

№ 428/55-VI

город Нур-Султан

**Нұр-Сұлтан қаласында мемлекеттік
жастар саясатын іске асыру жөніндегі
жергілікті атқарушы органның жұмысы туралы**

Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты «Нұр-Сұлтан қалалық қоғамдық даму істері басқармасы» ММ басшысы Т.А. Рахманбердінің «Нұр-Сұлтан қаласында мемлекеттік жастар саясатын іске асыру жөніндегі жергілікті атқарушы органның жұмысы туралы» баяндамасын тындал және талқылай келе, астананың атқарушы органдары мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың тиімділігін арттыру, қала жастарының толыққанды дамуы үшін жағдай жасау бойынша белгілі бір жұмыс жүргізілетінін атап өтті.

2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша елордада жастар саны 245 мыңдан астам немесе қала халқының жалпы санының 22,7% - ын құрайды. Олардың ішінде 126 мыңдан астам экономикалық белсенді жастар, 54 мыңдан астам жоғары оқу орындарының студенттері, 26 мың колледж студенттері және 25 мың мектеп оқушылары бар.

Жастар жылы аясында елордада «Нұр-Сұлтан Жастары 2019» аймақтық Жол картасы (бұдан әрі - Жол картасы) әзірленді, оған 11 негізгі бағыт бойынша 136 жоба енгізілді. Жол картасы аясында бірінші жартышылдықтың қорытындысы бойынша 67 жоба бойынша жоспарланған 600 іс-шараның 448-і іске асырылды.

«Жастарды табысты әлеуметтендіру үшін қажетті инфрақұрылым құру» бағытында 7 жоба іске асырылды (23 іс-шара). Жұмысқа орналастыру мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында есепті кезеңде 5 бос жұмыс орындары жәрмеңкесі және жұмыссыз азаматтарға арналған 14 шағын бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өткізілді, оның қорытындысы бойынша 333 адамға, оның ішінде 169 жастарға жұмысқа орналасуға жолдама берілді.

Қалада «қолжетімді және сапалы білімді қамтамасыз ету, ғылыми-техникалық әлеуетті дамыту» бағыты бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізілуде. Бұгінгі куні 7 жоба іске асырылды (37 іс-шара). 13 стартап-конкурс, колледж студенттері арасында жұмысшы мамандықтары бойынша "WorldSkillsKazakhstan" чемпионаты, елорданың техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарының үйымдастыруымен "Нұр-Сұлтан-жарқын болашақ қаласы" атты қалалық шеберлік сынныбы өткізілді.

0002233

Ағымдағы жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі "Нұр-Сұлтан қаласы мектептерінің түлектерінің жекелеген санаттары үшін жалпы білім беретін гранттар бөлу" бағыты бойынша жетім балалар, атаулы әлеуметтік көмек алғын отбасылар қатарындағы балалар, көп балалы отбасылар қатарындағы балалар үшін 165 орын мөлшерінде қосымша грант бөлді. Нұр-Сұлтан қалалық мәслихатының шешімімен білім алушылардың жекелеген санаттарына қалалық қоғамдық көлікті жеңілдікпен жол журу құқығы беріледі.

Жастар арасында суицидтік мінез-құлықтың алдын алуға бағытталған іс-шаралар кешені тұрақты негізде жүзеге асырылуда. Дәрістер, семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізіледі.

2019 жылы "Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті дамыту бағдарламасы аясында қала бюджетінде мемлекеттік гранттар беруге 111 млн.тенге көлемінде қаражат қарастырылған және Жастар жылын өткізу жөніндегі Жол картасына сәйкес 29 жасқа дейінгі жас кәсіпкерлерге 75 млн. тенге көлемінде гранттар беру үшін респубикалық бюджеттен қосымша қаражат бөлінді.

Қала әкімдігімен "7-20-25", "Нұрлыжер", "Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы", екінші деңгейлі банктерді дамыту бағдарламалары арқылы жастарды тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жүзеге асырылуда. "Жастар үшін қолжетімді тұрғын үй жүйесін дамыту және жас отбасыларды қолдау" бағыты бойынша З жоба іске асырылуда.

Құқықтық мәдениет деңгейін арттыру, сыйайлар жемқорлық көріністеріне төзбеушілікке тәрбиелеу бойынша шаралар қабылдануда. Жастармен қылмыстық құқық бұзушылық жасаудың салдарын түсіндіру бойынша кездесулер, "жоғары оқу орындары мен колледждердегі Таза сессия" Жалпы респубикалық акциясы өткізіледі, әдістемелік буклеттер шығарылады.

Жастардың құқықтарын қорғаумен, жастардың азаматтық ұстанымын қалыптастырумен және оның әлеуметтік белсенділігін арттырумен айналысатын үйымдардың саны айтартықтай артты. Бүгінгі танда жастар саясаты саласында 70-тен астам үкіметтік емес жастар үйыми тіркелген.

Қалада салауатты өмір салтын қалыптастыру, бұқаралық спортты дамыту және елорда жастарын салауатты демалуға тарту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Студенттік универсиадалардың аймақтық жастар чемпионаттарын өткізу тәжірибесі қайта жанданды.

Сонымен қатар, Нұр-Сұлтан қалалық мәслихат сессиясы мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру мәселелерінде шешілмеген мәселелер орын алғып, жастар өз қызметінде бірқатар проблемаларға тап болатынын атап өтті.

Мемлекеттік жастар саясатын іске асыруда мемлекеттік органдардың жастар қоғамдық бірлестіктерімен өзара келісілген іс-қимылдарының болмауы, жастар қажеттіліктеріне мониторинг пен бағалауды уақытылы жүргізбеу өзекті мәселелерді шешуге толық көлемде анықтауға және жәрдем көрсетуге мүмкіндік бермейді.

Студент жастар үшін студенттік жатақханаларда орын тапшылығы өзекті болып отыр. Бұғінгі таңда студенттік жатақханаларға 22 оқу орны, оның ішінде 8 жоғары оқу орны мен 14 жеке меншік колледж мұқтаж. Тапшылықты жабу үшін білім беру ұйымдарының өз қаражаты есебінен немесе инвесторларды тарта отырып студенттік жатақханалар салуға инженерлік коммуникацияларға рұқсаты бар жер учаскелерін бөлу мәселесін зерделеуді талап етеді.

Жастарды жұмысқа орналастыру мәселесі өткір проблема болып отыр. Ағымдағы жылдың 20 тамызындағы жағдай бойынша жұмыс іздеп келген 4804 жастардың 2754-і жұмысқа орналастырылды. Жұмыс істемейтін жастармен оларға консультациялық көмек көрсету бойынша жастар қоғамдық бірлестіктері толық көлемде жеткіліксіз жұмыс істейді.

Қалалық жолаушылар көлігінің маршруттарында жол жұру ақысын төлеуден босату түрінде студент жастар қатарынан әлеуметтік көмекке мұқтаж азаматтар санаттарының тізбесін кеңейту мәселесін қарауды талап етеді.

Елордада аула клубтарының жетіспеушілігі байқалады. Бұғінгі күні аула клубтарының жұмыс істейтін материалдық-техникалық базасы қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келмейді, олардың негізгі орналасу орны-талап етілетін санитарлық және өртке қарсы нормаларға жауап бермейтін тұрғын үй ғимараттарының жертөле және цокольдық үй-жайлары. Кирпичный, Лесозавод, Шығыс Ильинка тұрғын алаптарында жастардың бос уақыты мен спортпен шұғылдануы үшін жағдай жасалмаған.

Елордада жастардың әртүрлі білімі мен кәсіби дағдылары бар қарым-қатынасы мен шығармашылық өзара іс-құмылы үшін тегін немесе жеңілдікті негізде коворкинг-орталықтар құру одан әрі дамуды талап етеді.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға әлеуметтік қолдау көрсету мәселелері толық көлемде шешілмейді. Олардың окуы мен одан әрі жұмысқа орналасуына талдау жүргізілмейді. Осы санаттағы балалар үшін тұрғын үй мәселесі өткір күйінде қалып отыр.

Балалардың қылмыс жасау жағдайы күрделі болып қалып отыр, кәмелетке толмағандар арасында суицидтің өсуі байқалады. Мектеп инспекторларының көзделген міндеттерді толық көлемде орындауы алдын алу есебінде тұрған жасөспірімдердің мінез-құлқында, жасөспірімдер ортасындағы моральдық-психологиялық климатта көрсетіледі.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның жас әйелдер арасындағы отбасы мұдделерін қорғау, отбасы мен некениң дәстүрлі құндылықтарын қолдау, отбасындағы моральдық-адамгершілік ахуал мәселелері жөніндегі жұмысын жандандыру талап етіледі.

Студент жастарға уақытылы және сапалы медициналық көмек көрсету үшін студенттік емханаларды ашу мәселесін зерделеуді талап етеді.

Жоғарыда баяндалғаның негізінде, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының сессиясы **ШЕШТІ:**

1. «Нұр-Сұлтан қалалық қоғамдық даму істері жөніндегі басқармасы» ММ басшысы Т.А. Рахманбердінің «Нұр-Сұлтан қаласында мемлекеттік жастар

саясатын іске асыру жөніндегі жергілікті атқарушы органның жұмысы туралы» баяндамасы назарға алынсын.

2. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне ұсынылсын:

барлық мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруді қамтамасыз ете отырып, елордада мемлекеттік жастар саясатының негізгі бағыттарын уақтылы іске асыру жөнінде шаралар қабылдау;

жұмыс істеп тұрған аула клубтарының жұмысы үшін қажетті жағдайлар жасау, жастар мен мектеп жасындағы балаларға арналған жаңа бос уақыт орталықтарын ашу жөніндегі жұмысты жалғастыру;

жастар үшін қолжетімді бағалар бойынша қалалық коворкинг-орталығын ашу туралы мәселені зерделеу;

студент жастардың өмір сүру жағдайын жақсарту мақсатында инженерлік коммуникацияларға қол жеткізе алатын жер учаскелерін бөлу, инвесторларды тарта отырып және білім беру үйымдарының өз қаражаты есебінен студенттік жатақханалар салу мәселесін шешуді жеделдеть;

студент жастарға білікті медициналық көмекті уақытылы және сапалы көрсету үшін қалада студенттік емханалар ашу мәселесін зерделеу

жасөспірімдер мен жастар арасында салауатты өмір салтын насиҳаттау мақсатында Нұр-Сұлтан қаласының шекарасында орналасқан тұрғын алаптарға ерекше көніл бөле отырып, спорт алаңдарын салу бойынша шаралар қабылдау;

жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға тұрғын үй проблемасын, жұмысқа орналастыру мәселелерін шешу, оларға әртүрлі түрдегі, оның ішінде әлеуметтік, тұрмыстық және құқықтық бағдарлау мәселелері бойынша құқықтық консультациялар беру бөлігінде әлеуметтік қолдау көрсету жөнінде шаралар қабылдау;

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның отбасы мен некенің дәстүрлі құндылықтарын, отбасындағы моральдық-адамгершілік ахуалын, ананың жағымды бейнесін қолдауға бағытталған жас әйелдер арасында идеологиялық жұмыс жүргізу жөніндегі жұмысын жандандыру.

3. "Нұр-Сұлтан қаласының қоғамдық даму істері жөніндегі басқармасы" ММ мүдделі мемлекеттік мекемелермен және қаланың үйымдарымен бірлесіп ұсынылсын:

мемлекеттік саясатты іске асырудың тиімділігін арттыру, қала жастарының өзекті мәселелерін анықтау және дер кезінде шешу мақсатында тұрақты негізде жастардың қажеттілігіне мониторинг және бағалау жүргізу;

ағымдағы жылдың 21 қазанына қалалық мәслихаттың бейінді тұрақты комиссиясының отырысына аула клубтарын дамыту тұжырымдамасын дайындау және енгізу;

жұмыс істемейтін жастарға құқықтық және консультациялық көмек көрсетуге тиісті көніл бөле отырып, жастарды жұмыспен қамту және жұмысқа орналастыру саясатын іске асыру жөніндегі жұмысты жандандыру;


елордада құрылған діни бірлестіктердің, рухани (діни) білім беру үйымдарының, қайырымдылық мекемелері мен қорларының қызметін зерделеу және талдау жөніндегі жұмысты тұрақты негізде жүргізу.

4. "Нұр-Сұлтан қаласының білім басқармасы" ММ, Нұр-Сұлтан қаласының полиция департаментіне," Нұр-Сұлтан қаласының қоғамдық даму істері жөніндегі басқармасы" ММ ұсынылсын:

жасөспірімдер қылмысын төмендету мақсатында мектеп инспекторларының кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алуға, жасөспірімдер арасындағы суицидті азайтуға бағытталған іс-шараларды өткізу жөніндегі жұмысын жандандыру, бірлескен жедел кеңестер, рейдтік жұмыстар мен операциялар жүргізуді тәжірибеге енгізу.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Нұр-Сұлтан қаласы
мәслихаты сессиясының төрағасы**

 **K. Тәуекен**

**Нұр-Сұлтан қаласы
мәслихатының хатшысы**

 **Ж. Нұрпейісов**